

894.342
5-34

ЕКТЕР
АПХАНАСЫ


САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН

Архивтік көр.
Архив фонд

ҚЫРАН КЕГІ

(Ертегіден алынып жазылған)

ОБЯЗАТЕЛЬНЫЙ ЭКЗЕМПЛЯР



ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТИК БІРІККЕН БАСПАСЫ
АЛМАТЫ — 1944

5-

Б-34
2)**Арнау:**

Үрпақтың баҳытын өксеген,
 Фылымның шыңын көксеген,
 Бірақ, мауқын баса алмай,
 Барымен базар ашалмай.
 Арманда кеткен жас баурым
 Мағсұт саған арнадым.

С. Бегалин

Ескерту:

Педагогика ғылымының білімпазы болу жолында жүріп, ауырып, 1940-жылы қайтыс болған, осы теманы балалар үшін жаз деп тапсырған бір туған бауырым осы Мағсұт еді.

ҚЫРАН КЕГІ

1. ТАНЫСТЫРУ.

Жырбастайық тынданыз,
Ертегі Сарықұс кегінен,
Ертек бол қалған бұл аңыз,
Тнейден құс бегіден.

Көк қыранын түлетіп,
Құсбегі құстан қүй тапқан,
Жер тағысын жем етіп
Қырандар жаңта сый тапқан.

Құсбегіде кім озған
Құс тіліне Тнейден,
Жал айыр Шора қол созған,
Тендесі екен Тнеймен.

Шорада үлкен хасиет,
Тілдес бопты бар құспен,
Тнейде үлкен хасиет
Үялас екен сарықұспен.

Бұл екеуі тұрганда,
Арқамен бүркіт үшшапты,
Жерге қонса жібермей
Жалайыр Шора үстапты.

Сонан қалған мақал әбар,
«Қонбасам канат талады,

Консам жерге қоймайды
Тнеймен, Шора алады».

Көк қыранын күніренткен,
Арқада талай құсбегі,
Сонан қалған Әүл бір жыр,
Ертек бол қалған құс кегі.

II. ТНЕЙДІ АЛҒАН ҚҰС

Ел аузында ертегі
Ертеден қалған аңыз бар,
Тыңдасаң кейбір аңызды,
Алуан сыр бар маңыз бар.

Ертеден ертек сақтағыш,
Кәрі құлақ қарт та бар,
Кейінгіге тапсырғыш
Әңгімешіл салт та бар.

Жаскүнімен жантартып
Ертек десе ес қалмай,
Тыңдаушы едім құмартып,
Үзак түнде бір талмай.

Әңгімешіл әжемнің,
Аузына төсеп құлақты,
Отырғанда бір күні
Әжем үзак жыр айтты:

— «Тыңдай бер кел қарағым,
Айтамын бір өртекті,
Ертектей елге жайылған,
Болған осы бір кепті.

Қарқаралдың бауырында
Самаладай Сарытау бар,

Сарытаудың асқар биігі,
Тней деген бір дәу бар.

Ол қалай Тней атанды,
Десең балам жыр тында,
Сарытауда өскен құсбегі,
Ер Тнейден қыр тында...

Тнейде көп дәulet жок,
Дәuletі оның аң екен,
Құмары құс аң бакқан,
Асқан сері жан екен.

Тәкаббар бойын өр үстап,
Хан қараға бас үрмай,
Қолындағы сарықұсын
Сақтаған кәуіп тасындей.

Тней мен сарықұс бірге өскен,
Дейді мұзды қыяда,
Киіктен тоят бірге алған,
Құздағы қыйын үяды.

Ол қалайша болғанын,
Айтайын балам ал үғып,
Мағанда қарт анам
Бір кездे сүйіп кеңес қып.

Жас Тнейдің әкесі,
Сүр мерген екен аң бакқан.
Құралайдың текесін,
Терісін жыртпай көзге атқан.

Сарытауды сырттай ой тұңлік,
Көктемде ағып жатыпты,

Сұға түскен киіктен,
Мерген бір теке атыпты.

Сорғалап көктен бір қыран,
Текеге тура түйіліп.
Іліп ап атқан текені,
Қандбактай қағып үйіріп.

Жөнелді, алыш қөтеріп,
Айналып ұшып аспанға,
Тартты Сарытау шыңына
Конбай қыя тастарға.

Таңғажайып Сұр мерген,
Қыранның мынау ісіне,
Текені алыш шыңға ұшқан,
Өлшеусіз асқан жүшіне.

Үйіне қайтты Сұр мерген,
Қыран кетті текені ап,
Бұдан бұрын жоқ көрген,
Күс қүштісін мүндай тап.

Аң құмар мерген аңсары,
Ауып құсқа құндіз түн,
Күс жолына телміріп,
Еш адамға қатпайды үн.

Ұзак көктем күнінде,
Түспей қырдың басынан,
Жас Тнейде қалмайды
Мерген әке қасынан.

Аңдыйды құстың ұшқанын,
Қай таудан қандай қыядан,

Әлде қыран үшады,
Жақыннан салған үядан.

Отырады екен телміріп,
Аспанға қарап көз сатып,
Шыкты қыран бір күні,
Оқтай ойнал көкке атып.

Айналып шығып аспанға,
Қыран тінтіп алапты,
Ордалы ойда киік жок,
Серпней сұзді қанатты.

Еүркеніп бүйра қарагай,
Сары ау дыңы көк бойлап,
Алапты сүзіп жүр қыран
Күйкәлжып бұлтпен көкте ойнаг

Үстінде киік тоны бар,
Қаратқан жұнін сыртына,
Бала Тней мергеннен,
Қалмай өрге үмтыла —

Келе жатты тұрғыға,
Көзі көкте Сұр мерген,
Қыйылды қыран бұрыла,
Шабытқа түсіп аң көрген.

Түйіліп қыран суылдан,
Сұр мергеннің үстіне,
Қайқаң етіп қайта атып,
Аспандай бір аз үштыда,

Шашыла қайта күйылып,
Балаға түсіп жарқ етіп,

Іліп алым жөнелді,
Атқанша болмай жалт етіп.

Құрып алым мылтығын,
Білтесіне от бергенше,
Алыстап кетті ақыныш,
Мерген көзге ілгениш.

Мылтығын ала абдырап,
Жүгірді мерген биікке,
Ойда жоқта кездесті,
Өкінішті бір күйікке.

Есі шықты мергеннің,
Жүгірді ойда атына,
Күс қарасы үзіліп,
Кірді таудың артына.

Тұра шапты мінді де
Мерген атын тәбелеп,
Жетті шынға бүркітші,
Күн батарда көбелеп.

Ұшқан күста із бар ма,
Баладан жоқ түк белгі,
Сұр бейуакта есіз тау,
Тұн жамылдың түнерді.

Ызыңдал сокты сұық жел,
Күніреніп жатты ну тоғай,
Гулетіп әнге салғандай,
Сыбырлап жыныс қарағай.

Бейуакта мерген зарланып,
Отырды орман ішінде,

Айырылып жалғыз баладаң,
Көргендей болды түсінде.

Есекіреп өзіне
Сенбекендей болады,
Екі көзге мәлдіреп
Хасірет жасы толады.

Қарағай, қайың суылдаپ,
Сөйлескендей желменен,
Маужырады аспан қоқ,
Бал алышып жерменен.

Сандалып тұрып Сұр мерген
Күніренген зарлы үнменен,
Хасірепен қайтты қосына
Тыңдады жалғыз тұн керең.

III. ҚЫРАН ҰЯСЫНДА

Баланы ілген акының
Айланып шығып аспанға,
Қанат құйрық суылдаپ,
Тартты биік асқарға.

Шықбайды үні баланың,
Үқпады түсті не күйге,
Алыстап беті даланың,
Аспандай берді құс мұлде.

Булығып көзге жас толып,
Дірілдейді тұла бой,
Қол аяқ кеткен созылып,
Жыйнакталмай қашқан ой.

Қанат құйрық суылдаپ,
Шеңгелдеп қысқан қыран құс,

Айланып үшүп баланы ап,
Бір биқкө тұспа тұс

Келді де, зәулім жартастың,
Төсінде үнгір тас үя,
Соған желіп қонды құс,
Жылмағай жартас құз қыя.

Ақ үрпік жалғыз балапан,
Ашып аузын қыранға,
Шырылдады талпынып,
Әлде құмар тірі аңға.

Тней жатыр талықсып,
Таstadtы бүркіт әкеліп,
Бауырына басып баласын,
Жемтіктен қыран жем беріп,

Тоғайғандай балапан,
Тоят алыш қоң еттен,
Бұтаға төсеп бауырын,
Жатты түсіп етбеттен.

Бауырына басып баласын,
Қыранда шөкті үяға,
Жатыр Тней қозғалмай,
Тас үнгір тар үяды.

Есін жыйып бір шезде,
Көз жіберді жан жаққа.
Бөлекі жартас түнменен,
Тау томсарып бейуақта.

Алыста ғатқан алтын құн,
Бұлтарға нұрын шапақтап,

Төменде орман шуылдал,
Жел күнірентікен кешкі шақ.

Ұяның іші көп жемтік,
Томарылып жатыр бөкендер,
Күлжаның жатыр шорттасы,
Елік, марал аң нелер,

Ет қызумен білмеген,
Мұршада келмей елеуге,
Жарасы сыйдал Тнейдің,
Тырнақ осқан жон кеуде.

Жараға шыдал жас Тней,
Жатты бағып қыранды,
Ұяға түзден әкеліп,
Жыйнаған жемге көп аңды.

Қыранда жалғыз балапан,
Қияға сактап өсірмек,
Осында-ақ баулып қырып аң,
Ушқанда соған түсірмек.

Тоят беріп коң еттен,
Жылы қанмен шыйратпак,
Ушқанда анау жас қыран,
Аң біткенді кыйратпак.

Қозғалуға қыраннан,
Қорқып Тней түнімен,
Жатты атқанша жазғы таң,
Құздағы қыран үнімен.

Таң сімерлең атканда,
Дүр-дүр қыран сілкініп,

Ұяның қонып шетіне,
Бөкеннің санын бір бүріп,

Балапанға жемтіктен,
Жұлып-жұлып жем тастап,
Күн шыға қыран аспанға,
Көтерілді құлаштап,

Алыстап қыран кеткенсоң,
Көтерді басын жас Тней,
Балапанның қасына
Келді жылжып іркілмей.

Балапан қорқып шошынып,
Көрмеген бұрын тірі жан,
Козгалар үшар дәрмен жок,
Шырылдан бұқты балапан.

Әкеден қөрген үлгі бар,
Күсқа күмар әрі епті,
Балапанды қолға алып,
Алғызды жемге жас етті.

Шетіне шығып үяның
Қараса Тней етекке,
Үсті найза бойламас
Асты күзар тіп-тікте,

Жылмағай жартас бетінде,
Ойғандай колмен бұл үя,
Аяқ салар бұдыр жок,
Айнадай тегіс зым зия.

Үміт үзіп түсуден, —
Коштасып бала өмірмен,

9
Құздағы қыйын үяда,
Қол үстасып өліммен.

Артында қалған ата-ана,
Қарындасты Қарлығаш,
Бәрін ойлап сандала,
Екі көзден тәкті жас.

Аярма қыран әкелген,
Баласына жем үшін,
Баса ма енді жас Тней,
Еркіндең жатық жер үстін.

Еркімен ойнал далада,
Еріксе әке қасында
Шығатын аңға далаға,
Ойнақтап Сарытау басында.

Осылардың бәрінде
Ойланып Тней зарланып,
«Секірсем тастан өлемін,
Үяда жейді құс альш».

Деп зарланып Тней жас,
Көзінен жасы бұршақтап,
Көзі түсті үңгірге.
Үяның төрі тар қыспак.

Жағалап Тней үңгірге,
Қарады кіріп төріне,
Бойлады қуыс қыялап,
Жартастың тіктей өріне.

Бірак, арты түп-түйык,
Төбеден бір су тамшылап,

Астына түсіп қуыстың,
Су іркілмей таусылад.

Таңдайы кепкен талықсып,
Қолын Тней тосады,
Су тамар жерді шұңқырлаң,
Тней қолмен осады.

Тамшыдан өніп су болса
Жатағап Тней үрттайды.
Әрі бекін, әрі су
Табылды орын шын жәйлі.

Бүркіт бұған енбейді,
Болады Тней қуыста,
Түспейді енді тірідей,
Көк тырнақ ажал уысқа.

Тамшыдан үрттап шөл басты,
Бірақ жейтін жоқ қорек,
Қалайша шыдап аштыққа,
Қайткенде өлмес құн көред.

Болсада қандай қыйындық,
Өлімнен тірлік жақсырақ,
Шикі етті қалай ол жемек,
Тұрғанда қаны тамшылап.

Алғашқы күні нәр татпай
Жатты Тней қуыста
Үйыктатпай жара сыздайды
Сыймады сарнап қуыска.

Кездескен соң қыйындық,
Алысу керек айлалап,

Қыранның тұспей қөзіне,
Куыстаң орын сайлап ап.

Жататын болды Тней жас,
Жарада қайтты біртіндеп,
Шиқі етке де үйренді,
Сорғытып күнге кесіп жеп.

Коншында жүрген кездікпен,
Қыртысталп алып жұқалап,
Дегдітіп қойып жейді еттен,
Өлмейтін күнде нәр алад.

Әлденеше өтті күн,
Кауырсындалп балапан,
Тастап жүнін ақ үрпік,
Қанаттар жайып алақан.

Ұзарып қўйрық көсіліп,
Қатайып тұяқ шеңберлеп,
Әкелген аңды бас салад,
Өзі түтіп өзі жеп.

Балапанның қасынан
Кетпейді Тней ерте кеш,
Енесі кетсе-ақ атып таң,
Құста болса көріп ес.

Балапанда жан тартып,
Тнейге әбден үйреніп,
Көрінсе Тней жем тілеп,
Үйретті қолдан жем беріп.

Таянып қалды балапан,
Ушар құні үядан,

Көтерілмек жас қыран,
Аспанға зәулім қыядан.

Шарықтап аспан әлемін,
Жаймақшы қекте қанатын.
Құні жетіп толықсып,
Тоятын түзден алатын.

Балапан үшша үядан,
Жалғыз қалмақ Тней жас,
Қыранда аңды әкелмес,
Онда қалмақ Тней аш.

Түсуге жерге дәрмен жок,
Ойлану керек бір әдіс,
Табу керек бір айла,
Үшпай тұрып мынау құс.

Шіркін ібала қыранды,
Баулыса осы жасынан,
Кайырып салса қиікке,
Сарытаудың үстап басынан.

Құс құмар Тней құыста,
Өлім мен өмір шегінде,
Отырып ойлар аңшылық,
Кұмар ғой жаны тегінде.

Әрі ойланып бері юилап,
Ақыл түсті Тнейге,
Өлімге көнбек өндайма,
Өлімді жас жан тілейме.

Үяда жатқан Өзекеннің,
Жон терісін таспалап,

Өрді жуан арқанша
Қыранды байлап тастамак.

Қыран әбден күшейіп,
Қауырсыны катканша,
Жартасты үшпай айнала,
Аспанға шырқап тартқанша,

Ушырмай үстап үяда,
Бір бөлек аркан тағы өрді,
Жетілтіп әбден балапан,
Шарықтап үшар күн желді.

Күн асқан сайын талпынып,
Даладан, тілеп тоятын,
Аспанға қарап, қолдан жем —
Болды жемей қоятын.

Нажағай юйнап жәй түсті,
Бір күні орман шуылдалп,
Түнеріп көкте кара бұлт,
Жел жартасқа суылдал —

Тұрғанда, байлап белінен,
Тней құсты босатты,
Шыйрықкан қыран дауылмен,
Тнейді алып көкке атты.

Күмарткан қыран үяда,
Үшуға замғап шарыққа,
Тнейді алып жөнелді,
Дауылмен ойнап шарқта.

Аршындалп үшты алып құс,
Байлаулы Тней Балакта.

Орманға қыран ойысты,
Қарауға әл жоқ жан жаққа,

Қанат қүйрық сұылдап,
Екпінінен жел тұрып,
Құйылды жерге неге құс,
Жемекпе әлде өлтіріп.

Қалың жыныс орманға,
Таяна берді төмендеп,
Қонуға қыран ойланды,
Әлде бір аңды жерге кеп.

Жер бауырлап сыдыра,
Үшты ағаштың басымен.
Өте берді қыйыстал,
Зор қарағай қасымен.

Қарағайды қапсыра,
Алды Тней құшақтап,
Құста үзе алмай байлауды,
Қоса конды бұтақты ап.

Балапанда Тнейде,
Қарағайдың басында,
Тұсуге жерге айла жок,
Қыйындық міне расында.

Шешіше белін босатып,
Құс кетеді аспандап,
Айырылады қыраннан,
Қыядан үшқан өзін ап.

Бір шыкқан соң қольнан,
Түсерме қайтып бұл қыран,

Қыран тұрса қолында,
Құтыларма жердегі аң.

Құс түгілі жан қайғы,
Болсада сонау үяды,
Құсты құтіп үйір боп,
Иеленген қыяда.

Түсейін десе жерге алым,
Сескенед қазір қыраннан,
Байлағанға әлде кектенді,
Кектенсе кешпес ішер қан.

Осыны ойлап отырған,
Есітті Тней бір дыбыс,
Дыбыстан шошып талпынды,
Үщайын деп тағы құс.

Үзілмеді аяқ бау,
Жазбады Тней құшағын,
Солжылдады қарағай,
Иілтті қыран үш жағын.

Жақындал аттың дүбірі,
Шапқандай болды таяудан,
Әлде шапты бұларға,
Орманда жүрген азулы аң.

Ажырата алмай не екенін,
Қарыса Тней құшағы,
Қарағайды қапсыра,
Қаттырақ тағы қысады.

Ақырды келіп таяудан:
— «Адамзатбысын жөнінді айт,

Элде сайтан перісін,
Сыйқырлама жауап қат».

Адамның естіп лебізін,
Жарыла жаздал жүрегі,
Кетті жауып жас көзін,
Тнейдің талып білегі.

Босана берді қарағай,
Босансый берді тұла бой,
«Ағатай» деуге келді тіл,
Бытырап кетті қайратты ой.

Баланы көріп қысылған,
Атынан түсіп әлгі адам,
Қарағайға өрмелеп,
Бүркітке жетіп жалма-жан,

Айлалы сақ бұл Сір ер,
Кездескен бала бағына,
Сақтанып күстан тонын ап,
Бос салып құс жағына.

Жаба салып тоңменен,
Құсты сырттан орады,
Баланы күстан босатып,
Құсты мықтап қолға алды.

Жерге түсіп талықсып,
Жатты Тней көп заман,
Есін жыйса касында
Отыр бөгде Сір адам.

«Болды — деп — қандай уақыйға»,
Жөн сұрады баладан,

Айтқанда жөнін Тнейді.
Күшақтай алды әлгі адам:

— «Тней болсаң қарағым
Мен мергеннің досымын,
Куантам өзім апарам
Білемін орнын қосының».

Дедіде алыш Тнейді,
Міңгестіріп артына,
Күсын орап тонымен,
Алдына қысып алды да,—

Жөнелді жортып әлгі адам,
Қара орманды қақ жарып,
Күнде батты алыста,
Әрттей жанып қызыарып.

Жердің үстін сағынған,
Аңсаған аттың жүрісін,
Кыяда бел жіп тағынған,
Қыйын күндер құрысын,

Құтылып Тней қыспақтан,
Атқа мініп алды дем,
Балапан тағы қолында,
Құмары құс жанына ем.

Келе жатыр үйне,
Зарыққан ата-анаға,
Айырылып жалғыз баладан
Қөзін сатқан далаға.

Көкте бұлтқа көз сүзіп,
Ұшқан құстар жол тосып,

Сұраушы еді Тнейін,
Екі бейбак үн қосып.

Мерген қосы жөрінді,
Шалғынды түңлік бойында
Еңкейе ақкан ертіске,
Қөлбеген жазық ойында.

Тамылжыған жазғы іңір
Ескен кешкі самал жел,
Түңліктің сұзы сылдырап,
Маужырап түнмен жазғы бел.

Оралып өскен көк шалғын,
Жұпар аңқып ескен тел,
Елден жеке аң бағып,
Тойғызып тобыр жатқан ер.

Мезгілсіз жортқан салт атты,
Түнделеткен дүбірге,
Шықты құрып мылтығын,
Сұр мерген қостан іңірде.

Алыстан досы тіл қатып,
— Шүйінші — айтты мергенге,
Қуанғаннан жылады,
Баласын мерген көргенде.

Жүгіріп шықты анасы,
Жүгірді коса Қарлығаш,
Күшақтап бәрі Тнейді,
Куанып көзден төкті жас.

Үмітін үзген ата, ана
Басты мауқын сағынған,

Файып боп кеткен баласы,
Ойда жоқтан табылған.

Тнейі келді мергеннің,
Кұмартқан алып қыраның,
Қайғының арты мерей әсіп,
Тауыпты солай мүрадын.

IV. ҚЫРАН ТНЕЙ ҚОЛЫНДА

Тнейге құсты баулытып,
Күс тілін жастай үйретті,
Ордалы аңға жібертіп,
Шабытын көптен тіледті,

Балапан жылы-ак бап тауып,
Киікке түсті ордалы,
Тірнек жылы тіленіп
Үшқан азын қоймады.

Тастулек жылы талқандап,
Ойнақ қымп қиік ордасын,
Бұғының түсіп тобына,
Кыйратты теуіп шорғтасын.

Қана жылы қасқырдың
Ұялас тобын бір қырды,
Жана жылы жәйраташ,
Арқарды таудан сыпырды.

Ақбозым жылы алысты,
Кездесіп айғыр аюға,
Оныда алған сарқұсты,
Аң таптай Тней салуға.

Барылты қостап Баянға,
Қарашада қайырып,

Салыпты қоңыр жәй аңға
Күйінде қыран жүр қырып.

Шомылғандай көбікке,
Қар жамылды тау Баян,
Құсты ап шықты биікке,
Бір сонарда Тней паң.

Қыясынан Ақбеттің¹,
Жасыбай көлге бет бұрып,
Қыранын алыш қолына,
Томағасын сыпрып.

Отырды Тней қыяда,
Көтерілді алтын күн,
Жасыл торғын орманын
Ақ қарға орап талай шың.

Найза таста Күсмұрын,²
Аспан бойлап Киікті,³
Шомылып шықкан күн нұрын,
Күмістей шұғыла киіпті.

Тамам асқар үңіліп
Қараған асыл айнасын,
Бетінде бүгін қар тұнып,
Көре алмай таулар тұр тасын.

Көк айна мұзын қар басып,
Күмістей қылау жарқылдан,
Ойнайды түсіп жас шұғыла,
Көз қытықтап асыр сап.

¹ Ақбет—тау аты.

² Күсмұрын тау аты.

³ Киікті—тау аты.

Қек бүйра өрмән тұптерін,
Алыс аскар қорымын,
Тінтіп көзі қыранның
Қоғелеп таулар бектерін.

Қомдады қанат сымпыйш,
Етбеттен түсе өр қыран,
Атылыш Тней қолынан
Әдетін істеп көргенде аң.

Айналып шырып аспанға,
Құйылды қалың қамысқа,
Жасыбай көлдің жағасың
Жар болып тұнған алыста.

Шыға келді қамыстан,
Ойнақтап жортып бір барыс,
Құйылды қыран Сарысқа,
Басталды майдан бір алыс.

Қыранды қөріп түйілген,
Жығып ал жүнін жылмыйш
Жекпе жекке тұр барыс
Атылмақ қарсы қүш жыйып.

Қыранға қарсы шабуға
Оттай жанып екі көз,
Ататын бұда ер еді,
Әудем жерден оқтан тез.

Қанат қүйрық суылдан,
Шүйілді қыран шоқпардай,
Қарғығанша барысты,
Жаядан жәй боп соққандай.

Кетті теуіл сар қыран,
Шоңқайып қалды өр барыс,

Үйсқа түспей қайта атты,
Аспанға өрлеп қыран құс.

Шығып ап қыран шарққа,
Қайтадан тағы шүйілді,
Тістелеп санын барыста
Долданып күшін жыйынды.

Ақша қар жапқан үлпілдең,
Жасыбай көлі мұз майдан
Барыспен бүркіт салды алыс
Бірінән бірі жоқ тайған.

Біреуі жер бірі көк,
Тәкаббар таймас батыры,
Екеуі шықты жекпе жек,
Аскак күш алыш батылы.

Қыранын көріп алысқан
Барыспен, мұз майданда,
Шапты Тней қыядан,
Қарамай тастан тайғанға.

Әлде қыран мерт болад,
Аузына түсіп барыстың,
Әлде күспек шат болад,
Қызығын көріп алыстың.

Мертігіп қалған ер барыс,
Сүйретіліп ышқынды
Шүйілгенде қайта құс,
Барыста ерлік күш қылды.

Долданып күшін бір жыйып
Қарамай ауыр мертікке,

Қыранға қарсы атылды,
Ашұлы барыс тік қекке.

Осы кезде сары қыран,
Басынан барыс сарт етті,
Түйіліп келіп шоқпардай,
Кара құстан бір тепті.

Сылқ етті барыс жығылды,
Бұрді бастан сары қыран,
Бір шенгелі өкпеде,
Сорғалады жылы қан.

Ақтық қүшін бір жыйып,
Бұлқынды тулап ер барыс,
Өкпеден бастан бүріп ап
Қозғалтпады қыран құс.

Талқандап көзін ағызды,
Тартып жеп тілін барыстың,
Аққарға жосып қызыл қан,
Ойран бол орны алыстың.

Көкпен жердің тағысы,
Алыскан майдан беті мұз,
Астында көлі Жасыбай,
Айнала асқар әліп күз.

Барысты бүріп қаурына,
Көзімен тілін тартып жеп,
Бұлқілдеп балуан жауырны,
Алыста жыққан жекпе жек.

Отырғанда сары қыран,
Тней жетті құсына,

Сыпырды терін құсбегі
Шапқан екен қысыла.

Масаттанып қыраны,
Тнейдің көріп келгенін,
Барысты тастап қойқандал,
«Алыстым міне жеңгенім».

Дегендей қыран құсбекке,
Отырды қарап шалқалап,
Мадақтап құсын Тнейде,
Сыйпап сылап қолына ап.

Терісін барыс бәктеріп,
Қосына қайтты құсбегі,
Барысты бүріп Баянда
Сары қыран бағы үстеді.

Тұлқіні тышқан есепті,
Алады екен жем үшін,
Күм түлек жылы құсының,
Көріпті Тней ібір күшін.

Бір күні Сарытау басынан,
Сарықұс тілеп үшыпты,
Бір щатқалға түйіліп
Сарықұс аңға түсіпті.

Келсе шауып артынан,
Қос қасқырды шенгелдей,
Отыр екен сарқыран,
Қемейден тілін тартып жеп.

Үйыққан екі қасқырға,
Шенгелін салып қатардан,

Әкпеден қысып өлтіріп,
Отыр екен Сарқыран.

Сол жылы сарықұс келбеті,
Тым бөлек екен өзгеше,
Құтқармайды екен ешбір аң,
Қандай тобы кез келсе.

Қызыл жемсау кер балақ,
Шоқпар шуда шапшалқақ,
Қалың топшы нар тұмсық,
Сырты қайқы жап жалпақ.

Терек жапрақ шағый жүн,
Бура сан Ծұты тапталтак,
Жарма түяқ қалың қыш,
Қанды кез қайтпас қайшы жақ.

Осылай еді сары құсты
Дейді екен сол жыл көргендер,
Жалайыр Шора дейді екен,
Тұқымын мұның теппе кер.

Қауырсын күйрық теңбілдең,
Сарықұс сансыз түлепті,
Құспен Тней кос жасап,
Қолдан сан жыл түлетті,

Құзгі күйлі шабытта,
Ордалы салып киікке,
Қырғызады екен қыранға
Отырып Сарытау биікте.

Жортқан тағы құтылмас,
Қасқыр тұлжі үялы аң,

Үшша қыран алғаны
Аңды тілеп қыядан.

Жаз шықса тастап тұғырын,
Кетеді екен құс түзге,
Аңға шығар қайырып,
Келеді екен құс күзде.

Құс Тнейге құт Солып
Арқаны жарып ат кетті,
Әйел алым үл туып,
Тұңғышы Бекей ер жетті.

Баршын тартып сары қыран,
Желке шуда қуарып,
Азғантай болса алмайды ан,
Қайтатын болды бос барып.

Ордалы аң жөрсе ойрандаپ,
Қанғанша шабыт қан қылып,
Қартайсада сары қыран,
Қырады екен иіріп,

Үйге келсе бос тұрып,
Тұмсығын сүйеп Тнейге,
Жастанып тұғыр сары құспен,
Бірге үйықтайтын Тнейде.

Албырт мінез аңғалдау,
Орамсыз епсіз Бекейге,
Қасына келсе қағып қап,
Қоятын қыран кейжейде.

Тней жокта тіл алмай,
Бекей құсты аңға алып,

Кетеді екен Сарытауға,
Қайтамын деп құс салып.

Бекейдің алған әйелі,
Жалайыр Шора жиені,
Құстың тілін көп білген
Урлағы құсбек киелі.

Сарықұстың сезіп ашуын
Бір күні аңдан қайтқанда,
Гүлпарша жары Бекейден,
Сұрады:
— Салдың қанша аңға?».

Қайырып мойнын кекті құс,
Жем алмай Бекей қолынан,
Қамшының ізі білініп,
Сары қыранның жонынан.

Құсқа жемді Гүлпарша
Өзі апарып жегізді,
Бекейге айтты — байқап жүр,
Мерт қылмасын бұл сізді.

Колыңды құсқа тигізбе,
Тегі кекшіл теппе кер,
Тұқымы мұның ұмытпас,
Қарсыласса қан ішер.

Шабыты келмей шағын аң,
Көрінседе алмайтын,
Шабыты қанбас аңға үшша
Әштескен жанды қандайтын,

Мұның тегін нағашым,
Көп айтатын қатер деп,

Қолыңнан сенің аңға үшпас,
Қолың тиді кешпес қек».

Гүлпаршаның бұл сөзін
Елесін бе Бекей жас.
Онан сайын сары құспен,
Болып алды жаны қас.

Қарашаның қарсаны,
Топтанып киік тауға өрген,
Сарықұсты Тней қайырып,
Киікке салар күн желген.

Бір үлкен топ кездесіп,
Тней кетті жүріп жол,
— Сарықұсты берме Бекейге».
Деп келінгे тапсырды ол.

Тней кетті аттанып,
Күйіне келіп отыр құс.
Шабытқа түсіп балтанып,
Көрінген сайын сұық қыс.

Алғашқы ақша қар жауып,
Түсіп жерге кан сонар,
Қыранды Бекей аңға алыш
Кетпек болған қалпы бар.

Гүлпарша сезіп Бекейдің
Шықбағын алыш Сарықұсты,
Атасы айтқан кетерде
Ойна келіп сөз түсті.

— Бермеймін құсты шықпа алыш,
Тапсырған атам осылай,

Көнбесең жазым боларсың
Деп ойлама досым жәй!»...

Әйелдің сөзін елерме
Жас Бекей өр көкірек,
— Сонар мынау жосылған,
Отыр қыран аң тілеп».

Деді де көнбей әйелге
Әкетті құсты тауға алыш,
Гүлпарша қалды үйінде,
Дәрмені келмей құр нальш.

Бекей жетіп Сарытауға,
Шықты биік обаға,
Кекті қыран жек жыйып,
Сыпырғанда томаға,

Алысты сузе бір қарап,
Алдынан қашқан киікке,
Көрседе үшпай отыр құс,
Түнере қарап биікке,

Тобы қалың торсыйып,
Тонкая желген киікке.
Үшпаған қыран бүйірып,
Телміріп сыртқы биікке.

Бекейдің келіп ашуы,
Қондырып құсты обаға,
Тартып-тартып жіберді,
Қамшымен сырттан жонды ала.

Бір шыр етіп қарт қыран,
Атылып шығып аспанға,

Түйілді зырлап Сұлтта ойнағ,
Асқандай болды аскарға.

Жөнкіліп бәкен ордалы аң,
Жел бетті ала үйтқыды,
Ұзаған сайын қыраны,
Бекейдің өсіп түйткілі.

Міне салып атына
Жел бетін ала биектің,
Шықты шауып алдынан,
Жөңкілген қалың киіктің.

Бекейде жетті кезеңге,
Сарытауды сырттай көбелеп,
Атына салып қамшыны
Басқа көзге төпелеп.

Ііріліп жүйткіп жүр киік,
Үстінде қыран ойнактап,
Түсіріп түйіп шетінен,
Жарық-жүрк етіп ойнақ сап.

Көрген соң сарықұс қыймылын
Тұра шапты Бекей жас,
Адал алмақ андарды
Аңғал жігіт аңға мас.

Келгенде Бекей таянып,
Кетті сарықұс аспандап,
Көрінбей бұлтқа жірді де,
Зырлады атқан тастай нақ.

Шаншыла келіп Бекейдің
Дәл үстінен құйылды,

Қанат құйрық ыскырып,
Найзағайдай түйлді.

Үқпады Бекей күс сирин,
Жайды қолын қонар дәп,
Аккан бетпен сары қыран,
Төбеден түйе тепті кеп.

Қыранның күшті түяғы,
Соққанда түйе Бекейді,
Ауып есі атынан,
Бекей жерге еңкейді.

Коя берді қан саулап
Аузынан Бекей лакылдал,
Жығылды Бекей атынан
Бүркіт те қонды жарқылдал.

Жығылған Бекей үстінде
Шалкая қонып сары қыран,
Тұмсығын салды жүрекке,
Алғандай бейне жабайы ан.

V. ҚЫРАНДЫ ТНЕЙ ҚУДЫ ҮЙДЕН

Сонарды көріп сокта бол,
Бүрқырап түскен жұмсақ қар,
Қайтты Тней тастап топ,
Салуға құсын ынтызар.

Асығып келсе үйінде
Құсыда жок, Бекей жок,
Гүлпаршадан сұрады,
Қүйініп Тней жалын бол.

— Берме деген сөз қайда,
Неге бердің қыранды.

Мерт қылған шығар Бекейді,
Алмайды бүгін ол аңды».

Деді де Тней үйінен,
Жөнелді тауға төбелеп,
Белгілі киік адырға
Жеткенде шауып көбелеп.

Үстінен шықты қыранның
Бекейдің жарып жүргегін,
Отыр екен кекжайып,
Өштескен алыш күс кегін.

Себеп болмай сактығы,
Жалғыз ұлы қаза боп,
Қарт Тнейдің жүргегі,
Әртенді бейне болды шок.

Күлап түсті атынан,
Қасында қыран қанды көз
Күніренді Тней, күніренді,
Бөленді мұнға күла түз.

Көпке дейін ес жыймай,
Жатты бала қасында,
Отыр қыран кек жыйып,
Бекейдің түспей басында.

Қайғымен жанып күйгендей,
Шатынап қыскы күн батты,
Ақ қардан кебін кигендей,
Тұнжырап таумен жер жатты.

Атасы мен күйеуін
Іздеп шығып Гүлпарша,

Тапты ерінің сүйегін,
Болып жатқан арса-арса.

Айнала тұн елсіз тау,
Басын сүйер пенде жок,
Қайраттанып Гүлпарша
Атасына ақыл боп,

Мінгізді де атына
Өзі алды Бекей сүйегін,
Күсты беріп Тнейге,
Айтты кешпес құс кегін.

Күніреніп Тней Гүлпарша
Келді үйіне тұңғатып,
Көз ілмеді қайғыдан,
Бір тұрып Тней бір жатып.

Бір күні Тней байлатып
Сарықұсты алыш қолына,
Шапа шотын қайратып,
Салып бөкен жонына,

Бар саусағын шаптыда,
Балақ бауын қыйып ап,
Томағасын сыпырып,
Шығарып тауға қамшылап,

Қыранмен Тней хош айтты,
Үяласты кең бөлді,
Қыран кетті шарықтағ
Деп қойды Тней құста өлді.

VI. ҚҰСПЕН ТНЕЙ ҚАЙТА КЕЗДЕСТІ

Әлденелер заман боп,
Қайғылы қыстар, жаз өтіп,

Картайып Тней төсекте,
Жатып алды күй кетіп.

Ашумен шапты қыранның,
Аяғын Тней болды қор,
Ұяда бірге өспеп пед,
Құста болса досты зор.

— «Айуанда болса кек қуды,
Кегіне тиді албырт жас,
Корқылдым ау қыранды,
Тұяғын қырқыш тастап аш».

Деп күңіреніп жататын,
Сағынып Тней сарықұсын,
Қой қоралап қарт қойши,
Бітіріп сырттан жұмысын.

Жәйланып үйге отырып,
Қойши күндіз көргенін,
Сарытауды сырттай көп киік,
Жосылып бүгін өргенін.

Сол киікке бір құстың,
Құйылып көктен төнгенін,
Киікті тауда иіріп
Топтап неше бөлгенін.

Аяғында тұяқ жок,
Тегеуірінмен текпілеп,
Қырды көрдім көзіммен,
Сары қыранның өзі — деп.

Дегенде қойши, тыңдал бол,
Ерттетіп атын құс белі,

Отыра алмады үйінде,
Ұмытылды ескі құсі кегі.

Таң рауандап атқанда,
Шықты Сарытау басына,
Гүлпаршадай құс бегі
Келінің алып қасына.

Бұлар келіп шыққанда,
Обадан сарықұс ойнақтап,
Түнеген екен шылды ұшып,
Шарыққа қыран ойнақ сап.

Айланып ұшты сары қыраи,
Сарытаудың сузе қыясын,
Тней күсты көрді де,
Жіберді төгіп көз жасын.

Шақырды қектөн қыранын,
Ұсынып қызыл колымен,
Шыққанда үні Тнейдің
Шүйілді қыран тым төмен.

Жаяулап келіп жарық етіп,
Қолына қонып Тнейдің,
Шаңқылдал қыран үш рет,
Қатқандай бопты досына үн.

Көзінен жасы бүршақтап,
Басын сүйеп Тнейге,
Қыранын қысып төсіне,
Жылапты зарлап Тнейде.

Тұяғы жок жұдырық,
Қыжыры қалың алақан,

Домаланып мүйіз бол,
Сонымен теуіп қырып аң.

Жүріпті қыран жат тұзде,
Сарытауға сокпай не заман,
Әлде ауды ма аңсары,
Үйренген жерге қырган аң.

Келгені ғой ойысып,
Қөрсін дәп әлде тірлігін,
Әлде келді сағынып,
Тнейдей досын құс бүгін.

Қолына құсты қондырып,
Қойып сырлы балдаққа,
Сарытаудан Тней сары құспен,
Тұрды қарап жан жаққа.

Жебелі тұяқ кер шуда
Қызыл жемсау мұз балак,
Құсын талай үстаған,
Биігі қой қолына ап.

Көз алдынан тізіліп
Өтіп жатты бар өмір,
Жасарғандай жәйнады,
Құсы қолда қарт көңіл.

Бірақ қолда сарықұс бар
Кер шуда жок, тұяқ жок,
Тнейде тірлік күр нұска,
Сырты жалын іші шок.


Қос қарт қыран қосылып
Сарытаудың биік басында,

«Қалды», — деп еді қарт әжем
Гүлпарша келін қасында.

Сарытаудың заңғар биігі,
Тней деген жалғыз дың,
Сонан Тней атанып,
Қалыпты дейді, асқар шың.

13/1—1943

Алматы.



С. Бегалин

Месть орла

(На казахском языке)

Издание КазОГИЗ“а

Ответственный по выпуску

М. Молдашева

Подписано к печати 13/IV-1944 г. УГ01711. Издатель-
ский № 212. Объем 2,25 п. л. Уч.-авт. л. 2,6. Тираж 10.000
Цена 1 руб.

г. Алма-Ата, К. Маркса, 53. Гос. типография № 2.
Зак. № 1106